

8

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасына  
шаруашылық жүргізу құқығындағы «№5 Қалалық емханасы»  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

**Хаттама**

**Шымкент қ.**

**«12» желтоқсан 2024 жыл**

**Күн тәртібі: «Адалдық сағаты»**

**Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары.**

**Қатысқандар: ШЖҚ «№5 Қалалық емханасы» МКК қызметкерлері.**

**Баяндама:** Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналып отыр. Себебі, мұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда үкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Бұл дерт еліміздің дамуына, эканомиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіндігінің даусыз екендігіне комплаенс-қызметкері егжей – тегжейлі мәселесіне тоқталды.

Сондай-ақ, жемқорлықпен қарсы күресте барлық адамдар – заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндеттігі айтылды. Мемлекет басшысының: «Әрбір мемлекеттік қызметкердің ары да, жаны да таза, сауатты және білікті, біреуге тәуелді болмайтындай жағдайда болса», - деген мемлекеттік қызметкерлерге қойылған талап жұртшылық пікірімен үндескендей. Ол үшін мемлекеттік қызметкер атына кір келтіретін



әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Мұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар да қатаң жазаға тартылады. Әрине, ең алдымен бүгінгі бала, ертеңгі мемлекеттік қызметкердің отбасындағы тәлім-тәрбиесі дұрыс болуы тиіс. Тәрбие отбасынан басталады, ата-анасының шаруаны пара беру арқылы шешетінін, не пара алу арқылы өздерінің материалдық жағдайын жақсартып отырғанын көріп өскен бала, бұл жағдайды орынды, яғни солай болуы керек екен деп түсінеді. Сондықтан отбасында тәрбиені дұрыс беру үшін, ең алдымен өзімізді тәрбиелеуді алдыңғы орынға қойғанымыз дұрыс деп сөз соңын баяндамашы қортындылады.

Қатысушылар жемқорлықты тек ұжыммен бірлесіп күресу қажеттілігін айытты, сонда жемқорлықты жеңетінін көпшілік мақұлдады.

**Комплаенс-офицер**

**А.Пердебаева**

